



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

20.02.2021 № 2-011521-21-11363

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» Қазақстан
демократиялық партиясы
фракциясының депутаттарына
(тізім бойынша)

Депутаттық сауалға қатысты

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларын сақтау туралы депутаттық сауалды қарады.

Талдау көрсеткендей, 2020 жылы республика соттары 11667 (2019 жылы - 10302, 13,2%-ке өскен), оның ішінде 655 (612) әйелдерге қатысты (52 - онша ауыр емес, 87 - орташа, 361 - ауыр, 155 - аса ауыр қылмыс жасауда күдіктенген) осындай қаулыларды санкциялаған.

Мұндай шешімдер ҚР ҚПК-нің 147-бабына қатаң сәйкестікте қабылданған, оның ішінде егер күдіктінің/ айыпталушының:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері болмауы;
- 2) жеке басының анықталмағаны;
- 3) бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын немесе процестік мәжбүрлеу шарасын бұзуы;
- 4) қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға әрекет жасауы немесе жасырынуы;
- 5) ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасауға күдіктенуі;
- 6) бұрын жасалған ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталғандығының болуы;
- 7) қылмыстық әрекетті жалғастырып жүргендігі туралы деректердің болуы.

13,2% өсуге негізінен жекелеген санаттағы істер бойынша жауаптылықты қатаңдату және заңнамаға өзгертулер енгізумен байланысты (2020 жылғы қаңтарда ғимаратқа кірумен жасалған ұрлық, браконьерлік, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар, көліктік қылмыстық құқық бұзушылықтар ауыр қылмыстар санатына ауыстырылған, сондай-ақ Қылмыстық кодекске жаңа баптар – мал ұрлау, есірткіні жарнамалау енгізілген).

Сонымен бірге соттың күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тартуы санының 23,6%-ке (1421-ден 1757-ге дейін), оның ішінде 118 әйелге (2019 жылы - 110) қатысты қылмыстық істер бойынша өскенін атап өткен жөн.

Бұл ретте, прокурорлар қылмыстық қудалау органдарының қамауға санкция беру туралы 650 (788), оның ішінде әйелдерге қатысты 50 (60) өтінішхаттарын қолдаудан бас тартқан.

Бас тартуға көп жағдайда күдікті адамдардың денсаулық жағдайы, сәйкес бұлтартпау шарасын қолдануды негіздейтін мән-жайлардың болмауы себеп болған.

Қадағалау жүргізу барысында прокурорлар 6654 (4408), оның ішінде 509 (286) әйелдерге қатысты күзетпен ұстау мерзімдерін ұзарту туралы өтінішхаттарды қолдаған.

Күзетпен ұстау мерзімдерін ұзартуға бірқатар тергеу әрекеттерін, сараптама және криминалистикалық зерттеулер жүргізу қажеттілігі негіз болған.

Алайда күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттарды қолдаудан прокурорлардың бас тартуының 25%-ке (16-дан 20-ға дейін) өсуі байқалады, ал әйелдерге қатысты істер бойынша сол деңгейде қалған (1-ге 1).

Талдау қорытындысы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын тағайындауда біркелкі тәжірибенің қалыптасқанын куәландырып отыр, осыған байланысты депутаттық сауалда көрсетілген мысалдар қалыптасқан тәжірибеден ерекше болып табылмайды.

Н. Алданишке қатысты ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 1) және 4) тармақтары бойынша (ірі мөлшерде жасалған алаяқтық, бірнеше рет) қылмыстық іс бойынша сот тағылған айыптың сипатын және күдіктінің бостандықта бола тұра, істі объективті тергеп-тексеруге және сотта қарауға кедергі келтіру мүмкіндігіне жеткілікті негіздердің болуын ескере отырып, оған қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялаған (ҚПК-нің 148-бабы 9-бөлігінің 3) тармағына сәйкес).

Өзге жағдайда, ҚК-нің 389-бабы 4-бөлігі (ауыр зардаптарға әкеп соққан өзінше билік ету) бойынша соттың А. Мұқажановаға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануына жасалған қылмыстың ауырлығы, күдіктімен өтелмеген аса ірі мөлшерде шығын келтірілуі, сондай-ақ объективті тергеп-тексеруге кедергі келтіруі негіз болған.

Тергеп-тексеру нәтижесі бойынша аталған істер сотқа жолданған (Н. Алданишке қатысты - 02.12.2020ж., А. Мұқажановаға қатысты - 07.12.2020ж.).

Ғ. Нұрдәулетов

**«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының фракциясы
депутаттарының тізімі**

1. Еспаева Д.М.,
2. Перуашев А.Т.,
3. Әбілдаев А.Р.
4. Барлыбаев Е.Х.,
5. Дүйсембинов Б.С.,
6. Ерубәев С.С.,
7. Жұмабаева А.Қ.,
8. Иса Қ.Ж.,
9. Линник А.Г.,
10. Өмірғали Е.Қ.,
11. Раманқұлов М.Б.,
12. Сембинов А.Т.



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

20.02.2021 № 2-011521-21-11363

**Депутатам фракции
Демократической Партии
Казахстана «Ақ жол»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

Относительно депутатского запроса

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен депутатский запрос о соблюдении норм уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан при избрании меры пресечения в виде содержания под стражей.

Анализ показал, что за 2020 год судами республики санкционировано 11667 таких постановлений (в 2019 году - 10302, рост на 13,2%), в том числе в отношении 655 (612) женщин (подозреваемых в совершении преступлений: небольшой тяжести - 52, средней - 87, тяжких - 361, особо тяжких - 155).

При этом такие решения приняты в строгом соответствии со ст. 147 УПК РК, а именно если подозреваемый/обвиняемый:

- 1) не имеет постоянного места жительства на территории Республики Казахстан;
- 2) не установлена его личность;
- 3) им нарушена ранее избранная мера пресечения или мера процессуального принуждения;
- 4) пытался скрыться или скрылся от органов уголовного преследования или суда;
- 5) подозревается в совершении преступления в составе организованной группы или преступного сообщества (преступной организации);
- 6) имеет судимость за ранее совершенное тяжкое или особо тяжкое преступление;
- 7) имеются данные о продолжении им преступной деятельности.

Рост на 13,2% в основном связан с изменением законодательства и ужесточением ответственности по отдельным категориям дел (в январе 2020 года кражи с проникновением в помещение, браконьерство, преступления против половой неприкосновенности, транспортные уголовные правонарушения переведены в категорию тяжких, а также введены новые статьи в Уголовный кодекс – кража скота, реклама наркотиков).

В то же время следует отметить рост числа отказов судом в санкционировании

содержания под стражей на 23,6% (с 1421 до 1757), в том числе по уголовным делам в отношении 118 женщин (в 2019 году - 110).

При этом прокурорами отказано в поддержании 650 (788) ходатайств органов уголовного преследования о санкции на арест, из них 50 (60) в отношении женщин.

В большинстве случаев, основаниями для отказа являются – состояние здоровья подозреваемых лиц, отсутствие обстоятельств, обосновывающих необходимость избрания соответствующей меры пресечения.

В ходе осуществления надзора прокурорами поддержано 6654 (4408) ходатайства о продлении срока содержания под стражей, из них в отношении женщин 509 (286).

Причинами продления сроков содержания под стражей послужила необходимость проведения ряда следственных действий, экспертиз и криминалистических исследований.

Между тем на 25% (с 16 до 20) наблюдается рост отказа прокурором в поддержании ходатайства о продлении срока ареста, а по делам в отношении женщин находится на одном уровне (1 против 1).

Результаты анализа свидетельствуют о сложившейся единообразной практике избрания мер пресечения в виде содержания под стражей, в связи с чем, примеры, приведенные в депутатском запросе, не являются исключением из правил.

Так, по уголовному делу в отношении Алданиш Н. по ст. 190 ч. 3 п. 1) и 4) УК (мошенничество, совершенное в крупном размере, неоднократно) судом санкционирована мера пресечения в виде содержания её под стражей с учетом характера предъявленного обвинения и наличия достаточных оснований полагать, что подозреваемая, оставаясь на свободе, воспрепятствует объективному расследованию и разбирательству дела в суде (в соответствии с п. 3) ч. 9 ст. 148 УПК).

В другом случае, основаниями для применения судом меры пресечения в виде содержания под стражей в отношении Мукажановой А. по ст. 389 ч. 4 УК (самоуправство, повлекшее тяжкие последствия) явились – тяжесть совершенного преступления, причинение особо крупного ущерба, который подозреваемой не возмещен, а также воспрепятствование проведению объективного расследования.

По результатам расследования указанные дела направлены в суд (в отношении Алданиш Н. - 02.12.2020г., в отношении Мукажановой А. – 07.12.2020г.).

Г. Нурдаулетов

Список депутатов фракции Демократической Партии Казахстана «Ак жол»

1. Еспаева Д.М.,
2. Перуашев А.Т.,
3. Абильдаев А.Р.
4. Барлыбаев Е.Х.,
5. Дюсембинов Б.С.,
6. Ерубасев С.С.,
7. Жумабаева А.К.,
8. Иса К.Ж.,
9. Линник А.Г.,
10. Омірғали Е.Қ.,
11. Раманкулов М.Б.,
12. Сембинов А.Т.